

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ КОМИТЕТІНІҢ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ
САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті
Шымкент қаласы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің
«Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы
№ 72 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысы

Шымкент қаласы-2021 жыл

**«Шымкент қаласы білім басқармасының «Сағадат Нұрмағамбетов атындағы
№ 72 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы
қорытынды**

Шымкент қаласы

7 желтоқсан 2021 жылы
сағ. 18.00


Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті
(қорытынды жасалған орны)

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі - Департамент) бекіткен 2021 жылдың 2-жартыжылдығында мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2021 жылғы 30 қараша-7 желтоқсан аралығында мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттауды Департаменттің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 109 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) жүргізді, оның құрамына:

1. Битемір Ләззат Алқарқызы - Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бөлім басшысы, комиссия төрағасы;
2. Асылбекова Дана Дуйсенбековна - Н.Ондасынов атындағы № 38 мектеп-гимназиясы директорының орынбасары, химия пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
3. Сайфутдинова Акмарал Сайдсламовна - №86 жалпы орта білім беретін мектебі директорының орынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
4. Беркенова Балжан Жумабековна - №130 жалпы орта білім беретін мектебі директорының орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі;
5. Мажитова Нышанкуль Менлихановна - М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын № 8 мамандандырылған гимназиясының математика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
6. Ирбаева Нурсулу Тураровна - А.С. Пушкин атындағы № 1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
7. Тулегенова Светлана Кадырбаевна - №66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі.

Комиссия Бағалау критерийлері бойынша білім беру ұйымдарын бағалау кезінде негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне көрсетілетін білім беру қызметтеріне талдау жүргізді.



Өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған ақпаратпен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың ақпаратымен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне баға берді және егжей-тегжейлі талдау жасады.

1. Білім беруді ұйымдастыру туралы жалпы мәліметтер.	
1)	Мекеменің толық атауы. Шымкент қаласының білім басқармасының «Сағадат Нұрмағанбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2)	Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы). 160050 Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас шағын ауданы, 1514 А ғимарат
3)	Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web -сайт). 8(7252)77-50-89, 72.mektep@mail.ru, https://72-mektep-shymkent.kz/
4)	Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі). Усманов Бегмат Нуралиевич, бұйрық №636 14.09.2020ж
5)	Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәліктің/куәліктің және жарғының көшірмесі қоса беріледі). БИН 991140002353, қайта тіркелген күні 14.12.2020 жылы. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 18.11.1999 жылы. Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 08 желтоқсандағы №767 қаулысымен қайта тіркеуден өткен.
6)	Рұқсаттар (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама жіберу туралы талон). «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 19.02.2021 жылғы № KZ061LAA000243436 білім беру қызметіне берген мемлекеттік лицензиясы.
2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар	
1)	Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі); Бағаланатын кезеңдегі сараптауға ұсынылған құжаттар: мектептің жалпы жылдық жоспары (өндірістік), мектеп әкімшілігінің лауазымдық қызметтері бойынша жасалған жылдық, айлық жұмыс жоспарлары, мектептің 2021-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы, мектептің басқару және бақылау жоспарлары, мектеп әкімшілігінің жылдық жұмыс жоспарлары. Сараптау қорытындысы: сараптауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысы берілген бағалау критерийлері бойынша төмендегідей нәтижелерді көрсетті. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Мектептің жұмыс тақырыбы анықталған. Мақсат, міндеттері қойылған. Мектептің жылдық жұмыс жоспарындағы мақсат, міндеттері Қазақстан Республикасының МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес. Мектепшілік

Өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған ақпаратпен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың ақпаратымен салыстыра отырып, комиссия қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне баға берді және егжей-тегжейлі талдау жасады.

1. Білім беруді ұйымдастыру туралы жалпы мәліметтер.	
1)	Мекеменің толық атауы. Шымкент қаласының білім басқармасының «Сағадат Нұрмағанбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2)	Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы). 160050 Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас шағын ауданы, 1514 А ғимарат
3)	Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web -сайт). 8(7252)77-50-89, 72.mektep@mail.ru, https://72-mektep-shymkent.kz/
4)	Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі). Усманов Бегмат Нуралиевич, бұйрық №636 14.09.2020ж
5)	Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы куәліктің/куәліктің және жарғының көшірмесі қоса беріледі). БИН 991140002353, қайта тіркелген күні 14.12.2020 жылы. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 18.11.1999 жылы. Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 08 желтоқсандағы №767 қаулысымен қайта тіркеуден өткен.
6)	Рұқсаттар (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама жіберу туралы талон). «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 19.02.2021 жылғы № KZ061LAA000243436 білім беру қызметіне берген мемлекеттік лицензиясы.
2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар	
1)	Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі); Бағаланатын кезеңдегі сараптауға ұсынылған құжаттар: мектептің жалпы жылдық жоспары (өндірістік), мектеп әкімшілігінің лауазымдық қызметтері бойынша жасалған жылдық, айлық жұмыс жоспарлары, мектептің 2021-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы, мектептің басқару және бақылау жоспарлары, мектеп әкімшілігінің жылдық жұмыс жоспарлары. Сараптау қорытындысы: сараптауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысы берілген бағалау критерийлері бойынша төмендегідей нәтижелерді көрсетті. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Мектептің жұмыс тақырыбы анықталған. Мақсат, міндеттері қойылған. Мектептің жылдық жұмыс жоспарындағы мақсат, міндеттері Қазақстан Республикасының МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес. Мектепшілік

басқару, яғни педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес жұмыс жоспарлары және мектепшілік бақылау жоспары бекітілген.

Алайда педагогикалық кеңес жоспарында алты кеңес отырысы жоспарланған. Педагогикалық кеңестің ережесіне сәйкес келмейді. Педагогикалық кеңес құрамының бекітілгені туралы бұйрығы жоқ. Педагогикалық кеңес арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімі педагогикалық психологиялық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу тәрбие және түзету дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу мәселесі қамтылмаған. Педагогикалық кеңестің құрамы және оны сайлау тәртібі орындалмаған.

Мектепшілік бақылау жоспарында оқу тәрбие үдерісіндегі мәселелер қамтылған. Мектепшілік бақылау жоспарын зерделеу барысында бақылау мақсаты, бақылау түрі, басқарушылық шешім, қаралатын орны, екінші бақылау бөлімдері қамтылмағандығы анықталды. Сонымен қатар мектепшілік бақылау жоспарында нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау, талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау, оқу процесінің сапасын бақылау, білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау, оқу-зерттеу қызметі, мұғалімнің шеберлік әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау, тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс шаралардың сапасын бақылау, материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау болып табылатын бөлімдері жоқ. Мектепшілік бақылау жоспары орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы бұйрығында көрсетілген нысанға сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Мектептің даму бағдарламасы 2021-2026 оқу жылдарына бекітілген. Мектеп миссиясы анықталған. Сонымен қатар, даму бағдарламасында мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі мақсатты индикаторлары және олардың жылдарға пайыздық өсуі көрсетілген. Даму бағдарламасының стратегиялық бағыттары, міндеттері, мақсаты қойылған.

Алайда мектепті дамытудың 2021-2026 оқу жылдарына арналған іске асыру бағдарламасы жоқ. Бағдарлама паспорты дұрыс жасалмаған. Бағдарламаның даму кезеңдері жоқ. Бағдарламаның даму мониторингі жоқ. Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша сипаттама, яғни білім беру жүйесінің жағдайын талдауы, сондай-ақ мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалауы, кадрлық ресурстар, материалдық-техникалық ресурстар, ақпараттық ресурстар, білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыру бойынша өзін бағалау талдауы жоқ. Білім беру ұйымдарының міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы бұйрығында көрсетілген талаптар яғни білім беру мазмұнын іске асыру, білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы, жалпы адамзаттың және ұлттық құндылықтар мен идеяларға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары, білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары бойынша даму бағдарламасы жоқ. Сонымен қатар, әр бөлім бойынша ішкі мықты және осал жақтары, мүмкіндіктері, сыртқы қауіптеріне SWOT талдауы жоқ. Даму бағдарламасын іске асырудағы оқу-тәрбие үдерісіндегі күтілген нәтижелерге қол жеткізудегі бір жылдық, яғни 2021 жылға арналған іс – әрекеттегі зерттеудің өзін-өзі бағалау сараптамасы жоқ. Мектептің 5 жылға арналған даму бағдарламасын зерделеу барысында орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы нысанға сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Жалпы мектеп бойынша оқу сапасын және білім беру қызметінің барлық аспектілерін мониторингтеу мен бағалау бөлімінде тек оқушылардың пәндер бойынша білім сапасының 5 жылдық көрсеткішіне мониторинг жүргізілгендігі көрінді. Жалпы мектеп бойынша оқу сапасын және білім беру қызметінің барлық аспектілерін мониторингтеу мақсатқа сай жүйелілікпен нақты жасалмаған. Мектептің басымдықтары анықталмаған. Мектептің мақсат пен міндет қонудан күтілетін нәтижеге дейінгі іс-әрекеті жүйелі мониторинг көрсеткіштерін

қолдану арқылы жүргізілуі жүйесіз, әлсіз. Мектептің өзін-өзі бағалауы мен қызметіне талдау мектептің басымдықтар фактілері бойынша жүргізілмеген. Білім беру ұйымы қызметінің барлық бағыттарына мониторинг жүргізілуде жүйелілік жоқ. Мұғалімдерді кәсіби дамыту мен ынталандыру жүйесі бар. Әдістемелік жұмыстың мазмұны мен түрлері дәстүрлі түрде жүзеге асырылған. Мұғалімдердің өз білімдерін көтеруге жағдай жасалған, сонымен қатар мұғалімдердің авторлық жұмыстары бар. Алайда шығармашылық топтардың эксперименттік, зерттеу жұмыстары бір жүйеге қойылмаған. Мектеп ұжымы арасында функционалдық міндеттер бөлінісі бар. Ұжымның командалық жұмыс атқаратындығы байқалады. Мектептің ағымдық қызметін жоспарлау білім беру ұйымының стратегиялық даму міндеттеріне сәйкес. Іс-әрекет жоспарының сапалы орындалуына мектепішілік бақылау жеткіліксіз ұйымдастырылған. Педагогтардың іс-әрекетін бағалаудың рейтингтік жүйесі жолға қойылмаған.

Мектеп әкімшілігінің Г.С.Жекенова, Р.Т.Рсымбетова, Г.К.Жакашевтардың жылдық және айлық жоспарларын зерделеу барысында жылдық жоспарларының лауазымдық міндеттеріне сәйкес құрылмағандығы анықталды.

Ережелер мен заңнамалардың нормативтік талаптардың сақталуы бойынша: білім беру ұйымының басшылығы мен ұжымы білім саласындағы ережелерді және нормативтік құжаттарды білетіні, бірақ барлық уақытта басшылыққа алмайтындығын көрсетті. Ішкі құжаттарды дайындауда бекітілген талаптардан белгілі бір сәйкессіздіктер орын алған. Білім беру ұйымы қызметінің білім саласындағы қолданыстағы заңнамаларға сәйкес келуі жеткіліксіз.

Қорытынды: Педагогикалық кеңестің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығының 3-тарау, 9-тармағына; 1-тараудың 3-тармағы 4) тармақшасы; 2-тараудың 5,6 тармақтары талаптарына сәйкес келмейді.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 2-қосымшасындағы мектепішілік басқару нысанына сәйкес келмейді.

Мектептің 5 жылға арналған даму бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес келмейді.

- 2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі

Бағаланатын кезеңдегі сараптауға ұсынылған құжаттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыстық оқу жоспарлары, сабақ кестелері.

Сараптау қорытындысы: сараптауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысы берілген бағалау критерийі бойынша төмендегідей нәтижелерді көрсетті.

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері бар. Жұмыстың оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келеді. Жұмыс оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20

Handwritten signatures and text at the bottom of the page.

тамыздағы №415 бұйрығы негізінде жасалған. Зерделеу барысында жұмыс оқу жоспарларындағы инвариативтік, вариативтік бөліктердегі оқу жүктемелері және жоғары шекті оқу жүктемелері ҰОЖ-мен сәйкес келетіндігін көрсетті. 5-11 сыныптардың сабақ кестелері мен сынып журналдарына kundelik.kz электрондық журналдарына зерделеу жүргізілді. Зерделеу барысында 5-11 сыныптардың сабақ кестелеріндегі апталық жоғары шекті оқу жүктемелерінің көлемі ҰОЖ-да көрсетілген апталық жоғары шекті оқу жүктемелерінің көлемімен сәйкес келмейтіндігі анықталды. Атап айтқанда сабақ кестесіндегі сыныптар бойынша апталық жоғары шекті оқу жүктемелері бойынша:

5 – сыныптарда 25 сағат; 9- сыныптарда 29 сағат;
6- сыныптарда 25 сағат; 10- сыныптарда 31 сағат;
7 – сыныптарда 28 сағат; 11- сыныптарда 31 сағат.
8- сыныптарда 28 сағат;

Сынып журналдарында сыныптар бойынша апталық жоғары шекті оқу жүктемелері:

5 – сыныптарда 30 сағат; 9- сыныптарда 35 сағат;
6- сыныптарда 30 сағат; 10- сыныптарда 37 сағат;
7 – сыныптарда 33 сағат; 11- сыныптарда 37 сағат.
8- сыныптарда 34 сағат;

МЖМБС бойынша жоғары шекті оқу жүктемесі:


5- сыныптарда 31 сағат; 9- сыныптарда 36 сағат;
6- сыныптарда 31 сағат; 10- сыныптарда 37 сағат;
7- сыныптарда 34 сағат; 11 – сыныптарда 37 сағат.
8- сыныптарда 35 сағат;

5-9 сыныптар аралығында оқу жоспарының вариативтік бөліктің 1 сағаты сабақ кестелері мен сынып журналдарына мүлде енгізілмегендігі, яғни оның жүргізілмегендігі анықталды.

Жаратылыстану–математикалық бағыттағы оқытудың стандарттық деңгейіндегі «Графика және жобалау» оқу пәні қоғамдық – гуманитарлық бағытта оқытылатын 10-11 сыныптарға оқу жоспарының вариативтік бөліктегі элективті компонентінен аптасына 1 сағаттық оқу жүктемесімен берілген. Зерделеу барысында бейіндік сыныптарда стандарттық деңгейдегі оқу пәндерінің бөлінуі стандарт талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Сонымен қатар жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар толық сәйкес келмейтіндігі, яғни үш тілде білім беру мазмұны іске асырылмағандығы анықталды. Ағылшын тілінде пәндерді оқытуға мүмкіндік беретін тілдік құзиреттілікке және ағылшын тілінде физика, химия, биология, информатика пәндері бойынша жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оқытушыларына базалық лауазымдық жалақыдан 100% ішінара іске асырғанда 10-11 сыныптарда инвариантты және вариативті компонент есебінен және 7-9 сыныптарда вариативті компонент есебінен сабақтың барлық кезеңдерін өткізу, терминология оқыту және жекелеген бөлімдерді оқытуына байланысты ағылшын тілін одан жоғары деңгейде меңгеруіне сәйкес 100% қосымша ақы төленуге мектепшілік 01.09.2021 жылғы №291 бұйрығы шығарылып, тарификацияға енгізілген. Сертификатталған мұғалімдердің жалпы саны-19. Биология пәнінен -3 мұғалім (Б.Ахметова, Қ.Нұрлыбаева, Д.Сәдуақас), химия пәнінен - 5 мұғалім (А.Бекбаева, Г.Елбасиева, Г.Ортаева, Б.Усманов, У.Қосжанова), физика пәнінен–5 мұғалім (К.Ахметова, Р.Дарханова, Н.Әлиев, А.Қамшыева, Г.Джумакулова), информатика пәнінен – 6 мұғалім (Г.Аламанова, Ә.Бабаева, Е.Байбосынов, Н.Елемесова, А.Омарбекова, Ж.Сәрсенов).

Алайда 7-9 сыныптардың оқу жоспарының вариативтік бөлігінен аталған пәндер бойынша факультативтік сабақтар берілмеген. 10-11 сыныптарда инвариативтік және вариативтік бөлігіндегі оқытылуға тиісті инвариативтік бөліктегі оқу пәндері мен вариативтік бөліктегі факультативтік сабақтардың КТЖ-ларын Kundelik.kz электрондық журналдарында зерделеу барысында қазақ тілінде жүргізілетіндігі анықталды.



5,6,7,8,9 сыныптарға арналған жұмыстық оқу жоспарларының вариативтік бөлігі тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығының талаптарына сәйкес келмейді. 5,6,7,8,9 сыныптарға арналған жұмыстық оқу жоспарларының вариативтік бөлігіндегі апталық оқу жүктемелері МЖМБС-на сәйкес ҮОЖ-ның вариативтік бөлігіндегі апталық оқу жүктемелерімен сәйкес келмейтіндігі анықталды. Аталған сыныптардың жұмыс оқу жоспарында вариативтік бөлік мектеп және оқушы компоненті деп бөлініп, оқушы компонентін жеке және топтық жұмыстар деп көрсеткен. Жеке және топтық жұмыстар бөлігінен аптасына 1 сағаттық оқу жүктемесімен факультативтік курстар енгізілген. Ал МЖМБС-на сәйкес ҮОЖ-да вариативтік бөліктен аптасына 2 сағаттық оқу жүктемесі көрсетілген. Жеке және топтық жұмыстар бөлігінен оқу жүктемесі көрсетілмеген.

Бастауыш сыныптар бойынша сараптама қорытындысы: Білім беру ұйымдары оқу процесін "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарында оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақтар кестесімен регламенттеледі. Сабақ кестесінде вариативті сағаттар көрсетілмеген. 2-4 сыныптарда белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға 1 сағаттан берілген. Сонымен, оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 2-сыныптарда - 25 сағат, 3-сыныптарда – 27 сағат, 4-сыныптарда – 27 сағат болу керек.

Алайда сабақ кестесінде апталық оқу жүктемесі 2-сыныптарда - 24 сағат, 3-сыныптарда – 26 сағат, 4-сыныптарда – 26 сағат болып тұр.

Қорытынды: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 4-қосымшасы, 3-тарау, 1-параграфтың 49-тармағы; 3-қосымшасы, 3-тарау, 1-параграфының 54, 55-тармақтары; 4-қосымшасы, 2-тарау, 1-параграфының 25-тармағы; 4-қосымша, 2-тарау, 1-параграф, 20-тармағының 2) тармақшасы; 4-қосымшасы, 1-тарау, 2 тармағының 13) тармақшасы талаптарына сәйкес келмейді.

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарау 25-тармағы талаптарына сәйкес келмейді.

- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру

Сараптама қорытындысы: талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, **Бастауыш бірлестігінде** барлығы 94 мұғалім жұмыс атқарады. ӘБ-і мұғалімдерінің еңбек өтілімдері 1-33 жыл аралығында. Бірлестік мұғалімдерінің санаты: 45 мұғалім - педагог зерттеуші, 29 мұғалім – педагог- модератор, 14 мұғалім - педагог сарапшы, 2 мұғалім – бірінші санатты, 4 мұғалім - санатсыз,

Бағаланатын кезеңдегі талдауға ұсынған видео сабақтар саны - 90 сабақ.

ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша сабақтардың бейне материалдары тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеріп отыр.

Алайда, бастауыш сыныптарда қыркүйек айының 1-3 және 26-29 күндері аралығында 2 г, в, ғ, е, з, к, 3 ә, ғ, в, е, з, к, л, м, 4 а, ғ, и, л сыныптарында қалыптастырушы бағалау жүргізілмеген. Аптасына бір рет болатын жаратылыстану мен дүниетану пәндерінен БЖБ

(бөлім бойынша жиынтық бағалау) жұмысы алынбаған. Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді және тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы бойынша тоқсандық жиынтық бағалау бір сабақ көлемінде алынады. Бастауыш сынып мұғалімдерінің электронды журналына жүктелген күнтізбелік-тақырыптық жоспарларында ТЖБ соңғы күнге қойылған. Тақырыппен бірге тоқсандық жиынтық бағалау жазылған.

Математика пәні бойынша тексеру жұмыстарының жүргізілу барысында мектептегі пән бірлестіктерінің оқу үдерісінің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының сәйкестігі, электронды журналдардың толтырылуы, ФБ, БЖБ, ТЖБ орындалуы, сабақтардың өтілуі (видео сабақтары), электронды сынып журналдары, сабақ кестелері қаралды. Әдістемелік бірлестікте 20 мұғалім бар, санаты бойынша: педагог-шебер – 1; педагог-зерттеуші – 9; педагог-модератор – 4; санаты жоқ – 6. Kundelik.kz бойынша сынып журналдары тексерілді, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар сайтқа жүктелмеген, әр сабақта толтырылған. 5-сыныптарда күнтізбелік тақырыптық жоспар күнделікті толтырылған. Сыныптардың көпшілігінде ТЖБ соңғы күнге қойылған және 5 «Ж» сыныбында ТЖБ орнына тақырыпта «день рождения» деп толтырылған. Тексеру барысында жас мамандармен жаңартылған білім беру аясында және критериалды бағалау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілмеген деген қорытынды шығарылды.

Информатика пәні бойынша тексеру жұмыстарының жүргізілу барысында мектептегі пән бірлестіктерінің оқу үдерісінің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының сәйкестігі, электронды журналдардың толтырылуы, ФБ, БЖБ, ТЖБ орындалуы, сабақтардың өтілуі (видео сабақтары), электронды сынып журналдары, сабақ кестелері қаралды.


Информатика пәнінен 12 мұғалім бар, санаты бойынша: педагог-сарапшы – 6; педагог-модератор – 4; санаты жоқ – 2.

Kundelik.kz бойынша сынып журналдары тексерілді, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар сайтқа жүктелмеген, әр сабақта толтырылған.

Информатика пәні бойынша: 5-9 сыныптарда күнтізбелік тақырыптық жоспар күнделікті толтырылған. Әр сабақта қалыптастырушы бағалау болу керек, ал 5-9 сыныптардың басымды көпшілігінде электронды журналды толтыру ережелері мен талаптарына сәйкес келмейді. Кейбір сыныптарда 2 тоқсанда мүлдем қалыптастырушы бағалау қойылмаған. Тексеру барысында жаңартылған білім беру аясында және критериалды бағалау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілмеген деген қорытынды шығарылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен МЖМБС-ты әдістемелік бірлестік бойынша мұғалімдермен қарастырылмаған. Сабақтардың видеосы бойынша келесі кемшіліктер анықталды: информатика пәнінен тек бір мұғалім ғана видео жүктеген, бірақ сол сабақтың қысқа мерзімді жоспары жүктелмеген. «Оқу процесін ұйымдастыру білім алушыларды ізденуге, мәселелерді талқылауда, көзқарасын дәлелдеуде белсенділікке, сындарлы шешімдер қабылдауға ұмтылу жолымен өздігінен тәжірибе меңгеруін ұйымдастыруға негізделген оқytудың интерактивті әдістерін пайдалануды көздейді» деген МЖМБС орындалуы көрсетілмеген.

Физика пәні бойынша тексеру жұмыстарының жүргізілу барысында мектептегі пән бірлестіктерінің оқу үдерісінің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының сәйкестігі, электронды журналдардың толтырылуы, ФБ, БЖБ, ТЖБ орындалуы, сабақтардың өтілуі (видео сабақтары), электронды сынып журналдары, сабақ кестелері қаралды. Әдістемелік бірлестікте 7 мұғалім бар, санаты бойынша: педагог-зерттеуші – 3; педагог-сарапшы – 1; педагог-модератор – 2; санаты жоқ – 1.

Kundelik.kz бойынша сынып журналдары тексерілді, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар сайтқа жүктелмеген, әр сабақта толтырылған.



Физика пәні бойынша: 7-11 сыныптарда күнтізбелік тақырыптық жоспар күнделікті толтырылған. Аптасына бір рет болатын пәндерде ТЖБ алынбайды, тек БЖБ болу керек, ал жоспарда ТЖБ көрсетілген, БЖБ қойылмаған. Керісінше, ТЖБ болу керек сыныптарда күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілмеген. 7-сыныбында ТЖБ күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілмеген. Тексеру барысында жаңартылған білім беру аясында және критериалды бағалау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілмеген деген қорытынды шығарылды. Сабақтардың видеосы бойынша келесі кемшіліктер анықталды: «Оқу процесін ұйымдастыру білім алушыларды ізденуге, мәселелерді талқылауда, көзқарасын дәлелдеуде белсенділікке, сындарлы шешімдер қабылдауға ұмтылу жолымен өздігінен тәжірибе меңгеруін ұйымдастыруға негізделген оқытудың интерактивті әдістерін пайдалануды көздейді» деген МЖМБС орындалуы көрсетілмеген.

Тарих, география және өзін – өзі тану бірлестігінде 25 мұғалім жұмыс атқарады. Санаттары бойынша: 14- педагог зерттеуші; 6- педагог сарапшы; 2- педагог- модератор; 3- санатсыз

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, жаратылыстану, география және өзін-өзі тану пәндері бойынша: 5-11 сыныптарда күнтізбелік тақырыптық жоспар күнделікті толтырылған. Жалпы зерделеуге арналған мектеп сайтында тарих пәні бойынша -10, география пәні бойынша-4 сабақ жүктелген, өзін-өзі тану пәні бойынша-2 сабақ жүктелген, ал құқық негіздері пәні бойынша бейне сабақтар жүктелмеген. ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша сабақтардың бейне материалдары тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеріп отыр.

Қазақ тілімен әдебиеті бірлестігінде барлығы 21 мұғалім жұмыс атқарады. ӘБ-і мұғалімдерінің еңбек өтілімдері 30 - 2 жыл аралығында жұмыс жасап келе жатқан мұғалімдер. Бірлестік мұғалімдерінің санаттары: 5 мұғалім – педагог-модератор, 5 мұғалім - педагог-зерттеуші, 7 мұғалім - педагог-сарапшы, жоғарғы санат -2, санатсыз -2 мұғалім. Бағаланатын кезеңдегі талдауға ұсынған видео сабақтар саны - 42 сабақ

Орыс тілі мен әдебиеті бірлестігінде барлығы -24 мұғалім. ӘБ -і мұғалімдерінің еңбек өтілімдері 1 жыл 1 ай - 39 жыл аралығында жұмыс жасап келе жатқан ұстаздар. Педагог зерттеуші - 6, педагог модератор – 2. 2 санатты – 2. санатсыз – 14 мұғалім. Бағаланатын кезеңдегі талдауға ұсынған видео сабақтар саны 58-60 сабақ.

Дене шынықтыру ӘБ- де барлығы 32 мұғалім жұмыс істейді. ӘБ -і мұғалімдерінің еңбек өтілімдері 2-27 жыл аралығын көрсетеді. Бірлестік мұғалімдерінің санаттары: 14 мұғалім – педагог-модератор, 7 мұғалім - педагог-зерттеуші, 2 мұғалім - педагог-сарапшы, санатсыз -9 мұғалім.

Әдістеме бірлестігінің барлық 32 мұғалімі 10 минуттық видео сабақтарын жіберген.

ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі, оқытудан күтілетін нәтижелер ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша сабақтардың бейнематериалдары тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеріп отыр.

Алайда, білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттар тізбесінің бірі: қысқа мерзімді (сабақ) ҚМЖ жоспарды (қағаз немесе электрондық word немесе pdf форматында) жүргізеді, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті , дене шынықтыру ӘБ - нің мұғалімдері видео сабақтарының ҚМЖ құжаттарын жібермеген. Сондықтан да, жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқыту талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі оқытудан күтілетін нәтижелеріне толық сараптама жасауға мүмкіндік болмады. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру

ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі сақталған.

Ағымдағы бағалардың немесе ағымдағы бағалаудың балмен 5-11 сынып білім алушыларында қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша тоқсандық, сондай-ақ белгілі бір тарау (бөлім, тоқсан,) аяқталғаннан кейін өткізілетін (БЖБ, ТЖБ) жиынтық бағалауды жүргізу қорытындылары бойынша жиынтық бағалаудың ұпайлары мен бағалары, тоқсандық бағалау қойылған. Kundelik KZ жүргізілуде, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, БЖБ, ТЖБ қойылып, бірінші тоқсан қорытылған, дене шынықтыру пәндері бойынша тоқсандық есептелінді деп қорытқан.

Алайда, бөлімдік жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау туралы мәліметтері, яғни БЖБ, ТЖБ жұмыстарының сараптамалары көрсетілмеген. Оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/ өтпелі тақырыптарды зерделеуді растайтын материалдар, білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі және олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін айқындайтын бақылау нысандарының жүргізілгендігін растайтын БЖБ, ТЖБ жұмыстарының сараптамалары көрсетілмеген, жіберілген материалдары жоқ. Сонымен қатар ӘБ – гі мұғалімдерінің тақырыптық күнтізбелік жоспарларында бөлім бойынша өтілетін БЖБ көрсетілмеген. Kundelik.kz журналында орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінде үй тапсырмасын толтыруда нақты тапсырмалар көрсетілмеген. Дене шынықтыру ӘБ-гі мұғалімі Белгібаев.Б.К. 29.10 – 02.12 аралығында ТКЖ жоспарында 16 сағаттың «Жаттығу» деген тақырыппен толтырған. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда (5-11 сыныптарда) білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар және бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың (БЖБ, ТЖБ) салыстырмалы мониторингі жүргізілмеген, жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикалар жазылмаған.

Химия және биология бірлестігінде барлығы 17 мұғалім. Оның 12-і биология, 5-і химия пәні мұғалімдері. Биология пәні бойынша: педагог – зерттеуші 5 мұғалім, педагог – сарапшы 3 мұғалім, педагог – модератор 4 мұғалім. Химия пәні бойынша: педагог – сарапшы 2, мұғалім педагог – модератор 1 мұғалім, санатсыз 2 мұғалім.

Бағаланатын кезеңдегі талдауға ұсынған видео сабақтар саны -18 сабақ.

ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің оқу пәні бойынша сабақтардың тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеріп отыр.

Сабақтардың бейнематериалдарына сәйкес ҚМЖ құжаттарын жүктелмеген. Сондықтан да, МЖМБС жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқыту талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі мен оқытудан күтілетін нәтижелеріне толық сараптама жасауға мүмкіндік болмады. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру; оқу бағдарламасын сәйкес химия, биология пәндерінен білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі сақталған. Ағымдағы бағалаудың балмен 5-11 сынып білім алушыларында химия және биология пәндері бойынша тоқсандық, сондай-ақ белгілі бір тарау (бөлім, тоқсан) аяқталғаннан кейін өткізілетін (БЖБ, ТЖБ) жиынтық бағалауды жүргізу қорытындылары бойынша жиынтық бағалаудың ұпайлары мен бағалары, тоқсандық

	<p>бағалау қойылған. Kundelik KZ жүргізілуде, химия және биология пәндерінен БЖБ, ТЖБ қойылып, бірінші тоқсан қорытылған.</p> <p>Алайда, биология пәнінің мұғалімдері Ұ.Алпысбаева, Б.Ахметова БЖБ үшін максималды балл ретінде 25 балл қойған. Бөлімдік жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау туралы мәліметтер, БЖБ,ТЖБ нәтижелерін талдау, білім алушылардың қандай білім деңгейін көрсететіні бойынша, БЖБ,ТЖБ жұмыстарының сараптамалары көрсетілмеген. Оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/ өтпелі тақырыптарды зерделеуді растайтын материалдар, білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі және олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін айқындайтын бақылау нысандарының жүргізілгендігін растайтын БЖБ,ТЖБ жұмыстарының сараптамалары көрсетілмеген, жіберілген материалдары жоқ. Формативті бағалаудың (ФО) нәтижелерін ұсыну білім алушылар орындаған жұмыстарда және/немесе педагогтің комментарийлері арқылы электрондық журналдарда жүзеге асырылады. Осы талап химия пәні мұғалімі Орал Нүркен электронды күнделікті толтыру барсында жүйелі түрде жүргізбеген. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда (5-11 сыныптарда) білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен, мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар және бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың (БЖБ, ТЖБ) салыстырмалы мониторингі жүргізілмеген, жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикалар жазылмаған.</p>
	<p>Қорытынды: «Орта техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 1-қосымшасы 3- тарауы, 2-тармағының 9) тармақшасы, 12, 13, 13-1, 13-2, 14-2, 14-6 тармақтары талаптарына сәйкес келмейді.</p>
4)	<p>Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы талаптарға адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)</p> <p>Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: барлық жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру үшін растайтын құжаттармен бірге тәрбие жұмысының жоспарларының көшірмелері.</p> <p>Сараптама қорытындысы: талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, білім беру ұйымдарында оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Барлық іс-шараларды жүзеге асыру үшін растайтын құжаттардан тек атқарылған жұмыс есептері суреттерімен бірге жүктелген. Сегіз бағыт бойынша іс-шара жоспары жүктелген.</p> <p>Алайда оқу-тәрбие жоспары, тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету жоспарлары жүктелмеген.</p> <p>Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары, хаттамалары, атқарылған жұмыстарының есебі толық дәлелмен бірге жүктелген. Сынып жетекшілерге беретін тәрбие жұмысының жоспары да жүктелмеген.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 2-қосымша талаптарына сәйкес келмейді.</p>
5)	<p>Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени</p>

Handwritten signature: D. Q. M. S. - Q. S.

	<p>конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі)</p> <p>Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі және т.б</p> <p>Сараптама қорытындысы: талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзатты құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру мақсатында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылды. Білім алушылардың рухани-адамгершілік азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін мектепте «Арнау» би тобы, көркемөнерпаздар, еркін күрес, шахмат, үстел теннисі, волейбол, футбол, ән күй, домбыра, қолөнер және дизайн үйірмелері ашылған. Үйірмелердің жұмыс жоспарлары мен кестесі бекітілген. Шымкент қаласы мектеп оқушылары арасында Тоғызқұмалақ спорттық жарысында жүлделі II орынды, Ақтөбе қаласында өткен ересектер арасындағы командалық чемпионатта жүлделі II орынды иеленді. «Берекелі алтын күз» атты республикалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауы «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша I орынды, «Тәуелсіздік тұмарым» атты республикалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауы «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша II орынды, «Аялайық ананы» атты республикалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауы «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша I орынды, «Аялайық ананы» атты республикалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауы дәстүрлі ән бойынша бас жүлде, «Ұлы жеңіске тағзым» атты республикалық дарынды балалар мен жасөспірімдер арасындағы «хореография» номинациясы бойынша бас жүлде, музыкальнй фестиваль «Арнау» би тобы I орын және бас жүлде иеленді.</p>
	<p>Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 2-қосымшасы талаптарына сәйкес келеді</p>
<p>6)</p>	<p>Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);</p> <p>Бағаланатын кезеңдегі сараптауға ұсынылған құжаттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыстық оқу жоспарларының көшірмесі, сабақ кестелері, жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу бағдарламалары, бейіндік бағыттағы оқыту пәндерінің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары, сынып журналдары, педагогикалық кеңес хаттамасы.</p> <p>Сараптау қорытындысы: сараптауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысы берілген бағалау критерииі бойынша төмендегідей нәтижелерді көрсетті.</p> <p>Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері бар. Жұмыс оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келеді. Жұмыс оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы негізінде жасалған. Жаратылыстану – математикалық бағыттағы оқытудың стандарттық деңгейіндегі «Графика және жобалау» оқу пәні ҚҒБ оқытылатын 10-11 сыныптарға оқу жоспарының вариативтік бөліктегі элективті компонентінен аптасына 1 сағаттық оқу жүктемесімен берілген.</p> <p>Алайда, тексеру барысында бейіндік сыныптарда стандарттық деңгейдегі оқу пәндерінің бөлінуі сәйкес келмейтіндігі анықталды. Бейіндік оқытуды бағыттарын таңдау бойынша</p>

Handwritten signatures and stamps at the bottom of the page.

педагогикалық кеңес жоспарында қарастырылмаған. Зерделеу барысында 10 сынып оқушыларын бейіндік сыныптарға қабылдау стандарт талаптарына сәйкес келмейді.

Қоғамдық -гуманитарлық бағыт бойынша 11в,11г,11ж сыныптары және 10а,10 б, 10 ғ, 10 д сыныптары оқытылады. Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 11 а, 11ә, 11б,11г,11д,11е сыныптар және 10ә,10в,10г,10е,10ж сыныптары оқытылады. ҚГБ бойынша 11 сыныптарда «Графика және жобалау», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Адам физиологиясы және салауатты өмір сүру негіздері», «Жалпы химия негіздері», «Физикалық күрделі есептерді шығару», «Алаш қозғалысы», «Абайтану», «Елтану», факультативтік курстары оқытылады. ҚГБ бойынша 10 сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», Физикалық күрделі есептерді шығару», «Биотехнология», «Абайтану», «Ежелгі қалалар», «АӘД технологиялары», «Әлемдік география», факультативтік курстары оқытылады. ЖМБ бойынша 10 сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Физикалық күрделі есептерді шығару», «АӘД технологиялары», «Биотехнология» факультативтік курстары оқытылады. ЖМБ бойынша 11 сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Физикалық күрделі есептерді шығару», «Жалпы химия негіздері», «Адам физиологиясы және салауатты өмір сүру негіздері» факультативтік курстары оқытылады. ҚГБ бойынша 11 сыныптарда стандарттық деңгей - «Графика және жобалау», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Адам физиологиясы және салауатты өмір сүру негіздері», «Жалпы химия негіздері», «Физикалық күрделі есептерді шығару», тереңдетілген деңгей - «Алаш қозғалысы», «Абайтану», «Елтану», факультативтік курстары оқытылады. ҚГБ бойынша 10 сыныптарда стандарттық деңгей - «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», Физикалық күрделі есептерді шығару», «Биотехнология», тереңдетілген деңгей - «Абайтану», «Ежелгі қалалар», «Әлемдік география», факультативтік курстары оқытылады.

Қорытынды: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 4-қосымшасы, 2-тарау, 1-параграфының 25-тармағы талаптарына сәйкес келмейді. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығының 2-бөлімінің 12) тармағы талаптарына сәйкес келмейді.


- 7) Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);
Бағаланатын кезеңдегі сараптауға ұсынылған құжаттар: ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған жеке жұмыстық оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, сабақ кестесі, ПМПК анықтамалары.

Сараптау қорытындысы: сараптауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысы берілген бағалау критерии бойынша төмендегідей нәтижелерді көрсетті.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру бұйрығы, педагогикалық – психологиялық қолдау қызметі туралы ережелер, ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған педагогикалық – психологиялық қолдау қызметінің жоспары, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен атқарылатын іс – шаралар жоспарлары бекітілген.

Алайда ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған жеке оқу жоспарлары мен бағдарламалары жоқ. Сонымен қатар ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған сабақ кестелері және оқушылардың ПМПК анықтамалары жоқ. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға жүргізілген жұмыстары білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес келмейді.

	<p>Қорытынды: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығының 53-1 тармағы талаптарына сәйкес келмейді.</p> <p>Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 2-қосымшасы 1-тарау 6-тармақ 1), 2) тармақшалары; 7, 8 тармақтары талаптарына сәйкес келмейді.</p>
8)	<p>ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);</p> <p>Бағаланатын кезеңдегі талдау үшін құжаттар: білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен вариативтік компоненттің жұмыс жоспарларының, кестелері мен бағдарламаларының көшірмелері, оның ішінде зияткерлік олимпиадалар мен жарыстарға қатысу нәтижелері, қорытынды өзін-өзі бағалау парағы, бағалау.</p> <p>Талдау нәтижелері: мектептің 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарында 5-11 сынып аралығында вариативтік компонентінен берілген элективті курс сағаттары бөлінген және сайтқа кестесі жүктелген.</p> <p>Алайда электронды күнделіктегі сабақ кестесінде 5-9 сынып аралығындағы вариативтік компонентінен берілген элективті курс сағаты толық енгізілмеген. Нақты айтқанда, әр сыныпқа бөлінген 2 сағаттың 1 сағаты ғана сабақ кестесінде көрсетілген, ал 1 сағаты мүлдем енгізілмеген.</p> <p>Сабақ кестесінде көрсетілмеген, өткізілмеген төмендегі элективті курстар атауы:</p> <p>5 сынып бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Табиғат сақшылары • Робот техникасы • Жас математик <p>6 сынып бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жас сарбаз • Ән – күй • Жас лидер <p>7 сынып бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Домбыра <p>8 сынып бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ән – күй • Жас туристер <p>9 сынып бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тоғызқұмалақ • Волейбол <p>Сонымен қатар, факультатив сабақтарының бағдарламасы сайтқа жүктелмеген, осылайша, білім беру ұйымы типтік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес вариативтік компонент элективті курстар толық іске асырмайтыны анықталды.</p> <p>Қалалық олимпиада нәтижелері:</p> <p>2017ж- 18 орын 2018ж- 19 орын 2019ж- 20 орын 2020ж- 21 орын 2021ж- 22 орын</p>



	<p>Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері (қалалық/аудандық): 2017 жыл -7 2018 жыл – 6 2019 жыл – 3 2020 жыл – 25 2021 жыл – 17 Жалпы саны: 58 Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері: 2017 жыл – 17 2018 жыл – 76 2019 жыл – 91 2020 жыл – 93 2021 жыл - 43</p>
	<p>Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 3-қосымшасы 1-тарау 14-тармағы талаптарына сәйкес келмейді.</p>
9)	<p>"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын зерделеу Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы. Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдары, "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық", «Дене шынықтыру», «Дүниетану» пәндерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, оқу бағдарламалары және т.б Сараптама қорытындысы: «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда дүниетану оқу курсының аясында: 1-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 10-11-сыныптарда алғашқы әскери дайындық оқу курсының аясында 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқу үдерісі кезінде жүргізіледі және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Алайда бастауыш сынып жетекшілері, дене шынықтыру мен АӘД пәні мұғалімдері «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» тақырыптарын ТКЖ жоспарларында көрсетпеген. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы, 2-тарау, 1-параграф, 24-тармақ, 4-тарау, 2-параграф, 75-тармағы талаптарына сәйкес келмейді.</p>
10)	<p>"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдары, сынып жетекшінің жылдық жұмыс жоспары, оқу бағдарламаның көшірмесі Сараптама қорытындысы: талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады. Алайда, 1-8 сынып жетекшілерінің оқу-тәрбие жұмыс жоспарлары жүктелмеген. Kundelik kz электроды журналында тәрбие сағаты сабақ кестесінде тұр. «Жол қозғалысы ережелері» тақырыптарын оқу-тәрбие жоспарларында көрсетпеген.</p>

	<p>Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-тарау, 1-параграф, 25-тармағы, 35-тармағы талаптарына сәйкес келмейді.</p>
11)	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі.</p> <p>Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімдері бар педагогтар саны – 383.</p> <p>Бастауыш сынып мұғалімдердің жалпы саны – 94, оның ішінде педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары санатты, бірінші санатты – 45 мұғалім. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары санатты, бірінші санатты мұғалімдердің бастауыш білім беру деңгейіндегі білім беретін мұғалімдер жалпы санынан үлесі – 47,8%.</p> <p>Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтардың саны – 289, оның ішінде педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары санатты, бірінші санатты – 110 мұғалім. Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары санатты, бірінші санатты мұғалімдердің бастауыш білім беру деңгейіндегі білім беретін мұғалімдер жалпы санынан үлесі – 38%. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы бұйрықтың «Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы» 10-қосымшасы бойынша мәліметі бар, бірақ конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған педагогтар туралы мәліметтері жоқ. 10-қосымша бойынша құжаттамалардан мұғалімдердің біліктілік арттыру курсынан өткендігі сертификаттары, біліктілік санаттары туралы куәліктері бар. Алайда медициналық тексеруден өткені туралы санитарлық кітаптың және сотталмағандығы туралы құжаттарының көшірмелері жүктелмеген.</p> <p>А) Талдау нәтижелері: Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей мектептің медициналық қызметі өлшемшарттың 11-қосымшасына сай білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы көрсетілген құжат көшірмесі, медициналық қызметке берілген лицензиясы жүктелген. Сонымен қатар, мектепте 3 медициналық бөлмесі (94,5м²) құрал-жабдықтары мен жиһаздарының болуы туралы бейнематериал жүктелген. Сонымен қатар, 3 мейірбикенің құжаттары, жылдық жұмыс жоспарлары және лицензиясының бейнематериалы сайтқа жүктелген.</p> <p>Ә) Талдау нәтижелері: Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей мектептің кітапханасы өлшемшарттың 17-қосымшасына сай жұмыс жүргізілуде және сайтқа қосышаға сай мәлімет жүктелген. Мәлімет бойынша сынып бойынша оқу пәндері, білім алушылар саны, оқу әдебиетінің атауы, баспасы, шыққан мерзімі, оқу – әдістемелік көркем, ғылыми әдебиеттер, саны көрсетілген.</p> <p>Мектепте 1 кітапхана, 1 оқу залы (159м²) құрал-жабдықтары мен жиһаздарының болуы туралы бейнематериал жүктелген. Сонымен қатар, кітапхана бойынша толық құжаттары, жылдық жұмыс жоспарлары, оқуға құштар мектеп жоспары және жалпы кітапхана қорының (74943, көркем әдебиет 1520, оқулық саны 71992, электронды оқулықтар саны 1449) бейнематериалы сайтқа жүктелген.</p>

Handwritten signatures and stamps at the bottom of the page.

Б) Талдау нәтижелері: Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей мектептің пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәлімет өлшемшарттың 13-қосымшасына сай мәлімет ұсынылған. Мектептің жалпы ауданы – 19145м², пайдалану ауданы – 7906,1м². Жалпы кабинеттер саны - 69, зертханалар - 8, шеберхана - 2 (ағаш-темір өңдеу, кулинария), мәжіліс залы, спорт зал, унитаз - 30, қол жуғыш - 32, бейнебақықылау камерасы - 11, пандус -4.

В) Талдау нәтижелері: бағалау өлшемшарттарына 14-қосымшасына сай білім процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәлімет жүктелген.

Жалпы кабинеттер саны 69, химия – 80 м2, физика -88,6 м2, биология – 67,9 м2, стем – 97,8 м2, робототехника – 98 м2, математика -80,1 м2.

Оқу өндірістік шеберханалар – ағаш өңдеу 89,4 м2, темір өңдеу – 92,2 м2, кулинария-70,1 м2, жылыжай – 2,5 сот.

Атауы көрсетілген зертханалар – химия 80 м2, физика – 88,6 м2, биология – 67,9 м2, лингафон – 57 м2, мультимедия -65 м2.

Түрі көрсетілген оқу және зертхана жабдықтары, техникалық оқу құралдарының тізбесі: компьютер, ноутбук, планшет.

Мәжіліс залы - 579,4 м2, спорт зал – 521 м2

Компьютерлік сыныптар, компьютерлер – 220, 221, 211 кабинеттер, 230 компьютер, 643 ноутбук, 11 бейнебақылау камералары көрсетілген.

Кітапхана, медицина кабинеті және ұлттық білім беру қоры (ҰББК) туралы материалдар кестеде ұсынылған. Сонымен қатар материалдық – техникалық база бойынша бейнематериалдар, суреттер, талап етілетін құжаттар жүктелген.

Г) Талдау нәтижелері: Осы критерий бойынша мектептің **асханасы** өлшемшарттың 12-қосымшасы бойынша қағаз түрінде мәлімет ұсынылған. Онда тамақтандыру объектісінің атауы «Асхана» деп көрсетілген, санитарлық – эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы қорытынды талапқа сай 01.09.2021 көрсетілген және жалға алушы Джинбекова Мадина есімі көрсетілген.

Алайда, жұмыс жүргізілетіні немесе жүргізілмейтін талдауға жеткілікті құжаттар ұсынылмаған. Мектеп сайтына тек асхана техникалық паспортының 1 беті және асхананың 1 суреті ғана жүктелген.

Қорытынды: «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрықтың 2-тармағының 9-тармақшасы, 3-тармағының 16-тармақшасы талаптарына **сәйкес келмейді.**

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығының 10-қосымшасы талаптарына **сәйкес келмейді.**

«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрықтың 4,11,18 тармағы талаптарына **сәйкес келмейді.**

3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

1) Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

Бағаланатын кезеңдегі сараптауға ұсынылған құжаттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыстық оқу жоспарлары, инвариативті және вариативті компоненттердің сабақ кестелері, сынып журналдары.

Сараптау қорытындысы: сараптауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысы берілген бағалау критерииі бойынша төмендегідей нәтижелерді көрсетті.

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері бар. Жұмыс оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келеді. Жұмыс оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы негізінде жасалған. Зерделеу барысында жұмыстық оқу жоспарларындағы инвариативтік, вариативтік бөліктердегі апталық оқу жүктемелері және жоғары шекті оқу жүктемелері ҮОЖ - дағы инвариативтік, вариативтік бөліктердегі апталық оқу жүктемелерімен және жоғары шекті оқу жүктемелерімен сәйкес келеді. 5-11 сыныптардың сабақ кестелері мен сынып журналдарына kundelik.kz электрондық журналын зерделеу жүргізілді.

Алайда, тексеру барысында 5-11 сыныптардың сабақ кестелерінде апталық жоғары шекті оқу жүктемелерінің көлемі ҮОЖ-да көрсетілген апталық жоғары шекті оқу жүктемелерінің көлемімен сәйкес келмейтіні анықталды. Атап айтқанда сабақ кестесіндегі сыныптар бойынша апталық жоғары шекті оқу жүктемелері бойынша:

5 – сыныптарда 25 сағат; 9- сыныптарда 29 сағат;
6- сыныптарда 25 сағат; 10- сыныптарда 31 сағат;
7 – сыныптарда 28 сағат; 11- сыныптарда 31 сағат.
8- сыныптарда 28 сағат;

Сынып журналдарында сыныптар бойынша апталық жоғары шекті оқу жүктемелері:

5 – сыныптарда 30 сағат; 9- сыныптарда 35 сағат;
6- сыныптарда 30 сағат; 10- сыныптарда 37 сағат;
7 – сыныптарда 33 сағат; 11- сыныптарда 37 сағат.
8- сыныптарда 34 сағат;

МЖМБС бойынша жоғары шекті оқу жүктемесі:


5- сыныптарда 31 сағат; 9- сыныптарда 36 сағат;
6- сыныптарда 31 сағат; 10- сыныптарда 37 сағат;
7- сыныптарда 34 сағат; 11 – сыныптарда 37 сағат.
8- сыныптарда 35 сағат;

5-9 сыныптар аралығында оқу жоспарының вариативтік бөліктің 1 сағаты сабақ кестелері мен сынып журналдарына мүлде енгізілмегендігі, яғни оның жүргізілмегендігі анықталды.

Бастауыш сыныптар бойынша сараптама қорытындысы: Білім беру ұйымдары оқу процесін "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарында оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақтар кестесімен регламенттеледі. Сабақ кестесінде вариативті сағаттар көрсетілмеген. 2-4 сыныптарда белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға 1 сағаттан берілген. Сонымен, оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 2-сыныптарда - 25 сағат, 3-сыныптарда – 27 сағат, 4-сыныптарда – 27 сағат болу керек.

Алайда сабақ кестесінде апталық оқу жүктемесі 2-сыныптарда - 24 сағат, 3-сыныптарда – 26 сағат, 4-сыныптарда – 26 сағат болып тұр.

	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 4-қосымшасы, 3-тарау, 1- параграфтын 49 тармағына; 3-қосымшасы, 3-тарау, 1-параграфының 54,55 тармақтары талаптарына сәйкес келмейді; «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарау 25-тармағы талаптарына сәйкес келмейді.</p>
2)	<p>Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: тексеруге жатпайды</p>
3)	<p>Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.</p> <p>Бағаланатын кезеңдегі сараптауға ұсынылған құжаттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыстық оқу жоспарлары, инвариативті және вариативті компоненттердің сабақ кестелері, сынып журналдары.</p> <p>Сараптау қорытындысы: сараптауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысы берілген бағалау критерии бойынша төмендегідей нәтижелерді көрсетті.</p> <p>Сыныпты екі топқа бөлуге қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарда білім алушылардың саны – 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны – 20 және одан артық болғанда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда - орыс тілі мен әдебиеті; 2) шетел тілі; 3) көркем еңбек; 4) информатика ; 5) дене шынықтыру сабақтарын жүргізуде бөлініп оқытылуда. <p>1-11 сыныптарда оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда - орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі, көркем еңбек, информатика, дене шынықтыру сабақтарын топқа бөліп өту сынып толымдылығына сәйкес талапқа сай жүргізілетіндігі анықталды.</p> <p>Қорытынды: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 3-қосымшасының 3-тарау, 1-параграфы, 57-тармағы талаптарына сәйкес келеді.</p>
4.	<p>Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:</p>
1)	<p>ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);</p> <p>ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);</p> <p>Бағаланатын кезеңге талдау үшін құжаттар: қорытынды бақылау, оның ішінде бақылау көшірмелері, оқушылар аралық және қорытынды аттестаттау хаттамалары.</p>



Талдау нәтижелері: Қорытынды аттестаттау бойынша ДОЖЖО Г.Жакашеваның 2021-2022 оқу жылындағы оқу бағыты бойынша атқарылған жұмыстарының есебінен (қағаз түріндегі) зерделеу жасалынды.

№	Пәні	Оқушы саны	Білім сапасы
1	Қазақ тілі (эссе)	178	41,1%
2	Орыс тілі	178	33,1%
3	Алгебра және анализ бастамалары	178	30,3%
4	Қазақстан тарихы	178	37%

Мектеп бітіруші түлектердің 4 жылдық Ұлттық бірінғай тестілеу көрсеткіші сайтқа жүктелген:

2017 -2018 оқу жылы – 121 оқушы, орташа балл - 74,4
 2018 -2019 оқу жылы – 133 оқушы, орташа балл - 94,5
 2019 -2020 оқу жылы – 161 оқушы, орташа балл - 57,8
 2020 -2021 оқу жылы –178 оқушы, орташа балл - 74,3
 2019 -2020 оқу жылымен салыстырғанда 2020 -2021 оқу жылыдағы ҰБТ орта балының қорытындысы 16,5 балға артқан.

Үздік аттестат және «Алтын белгі» иегерлері бойынша 4 жылдық қорытындысының нәтижесі сайтқа жүктелген:

2017 -2018 оқу жылы – Үздік аттестат – 3 оқушы, «Алтын белгі» белгісі – 8 оқушы.
 2018 -2019 оқу жылы – Үздік аттестат – 3 оқушы, «Алтын белгі» белгісі – 14 оқушы.
 2019 -2020 оқу жылы – Үздік аттестат – 4 оқушы, «Алтын белгі» белгісі – 14 оқушы.
 2020 -2021 оқу жылы – Үздік аттестат –13 оқушы, «Алтын белгі» белгісі –24 оқушы.
 2019 -2020 оқу жылымен 2020 -2021 оқу жылындағы үздіктерді салыстырғанда Үздік аттестат иегері 9 оқушыға, ал «Алтын белгі» 10 оқушыға артқан.

Мектеп бітіруші түлектердің мемлекеттік грант иегерлері атану үлесі бойынша көрсеткіш сайтқа жүктелген:

2017 -2018 оқу жылы – 121 оқушы, грант иегері - 79
 2018 -2019 оқу жылы – 133 оқушы, грант иегері - 64
 2019 -2020 оқу жылы – 161 оқушы, грант иегері - 81
 2020 -2021 оқу жылы – 178 оқушы, грант иегері - 76
 2019 -2020 оқу жылымен 2020 -2021 оқу жылындағы грант иегерлерінің үлесі 5 оқушыға төмендеген.

Осылайша, Алтын белгі иегерлері мен Үздік аттестат иегерлері туралы мәлімет, ҰБТ бойынша 4 жылдық қорытынды нәтижелер, хаттамалары, ҰБТ дайындық жұмыс жоспарлары, ата – аналар жиналысының хаттамалары мектеп сайтына ілінген.

Осылайша, Алтын белгі иегерлері мен Үздік аттестат иегерлері туралы мәлімет, ҰБТ бойынша 4 жылдық қорытынды нәтижелер, хаттамалары, ҰБТ дайындық жұмыс жоспарлары, ата – аналар жиналысының хаттамалары мектеп сайтына ілінген, пед кеңес хаттамалары жүктелген.

Қорытынды: «Орта техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 4 тарауы 33 тармағы талаптарына сәйкес келеді.

- 2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;
 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;
Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдары (kundelik.kz), т.б.

	<p>Сараптамалық қорытынды: Талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, 1-сыныптарды үй тапсырмасы берілмейді. 2-4 сынып білім алушыларға үй тапсырмалары олардың орындау мүмкіндіктері ескеріле отырып берілді.</p> <p>Қорытынды: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 3 тарау, 61 тармағы талаптарына сәйкес келеді.</p>
3)	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;</p> <p>Талдау нәтижелері: оқу бағдарламасын сәйкес ағылшын тілі пәнінен білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі сақталған. Ағылшын тілі пәнінен Kundelik.kz электронды журналының жүргізілу барысын зерделеу бойынша 5 - 11 сынып аралығында қалыптастырушы бағалау талапқа сай толығымен жүргізілмеген, кейбір сыныптарда тоқсанында 2-3 күнге қойылған, кейбір мұғалімдер бір ғана қалыптастырушы баға қойған, сондай-ақ түсініктеме мүлдем жазбаған. (бөлім бойынша жиынтық бағалау) жұмысы алынбаған.</p> <p>Сараптама қорытындысы: талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, бастауыш сыныптарда қыркүйек айының 1-3 және 26-29 күндері аралығында 2 г, в, ғ, е, з, к, 3 ә, ғ, в, е, з, к, қ, л, м, 4 а, ғ, и, л сыныптарында қалыптастырушы бағалау жүргізілмеген. Аптасына бір рет болатын жаратылыстану мен дүниетану пәндерінен бжб (бөлім бойынша жиынтық бағалау) жұмысы алынбаған.</p> <p>2-сыныптардың барлығында ТЖБ жұмыстарының жалпы балл саны спецификацияға сәйкес келмейді. Бұл сыныптарда спецификация бойынша жалпы балл саны 15 болу керек, ал 1-тоқсан бойынша ТЖБ жұмыстырында жалпы балл саны 14 балл деп алынған. 3 «М» сыныбында 1-тоқсан бойынша ТЖБ жұмыстырында жалпы балл саны 10 балл деп алынған. Дүниетану пәнінен 2 «Ә», 2«В», 2 «Ж», 3 «М», 3 «Н», 3 «Ғ», 3 «Д», 3 «К» сыныптарында 1-тоқсан бойынша БЖБ жұмыстырында балл қойылмаған. Жаратылыстану пәні бойынша пәнінен 2 «Ә», «Ғ», 2 «Д», 2 «Ж», 3 «И», 3 «В», 3 «Е», 3 «Қ», 3 «М» сыныптарында 1-тоқсан бойынша БЖБ жұмыстырында балл қойылмаған. Бастауыш сыныптарды орыс тілі пәнінен беретін Жаздықбаева У.П. 3 «А», 3 «Б», 3 «В», 3 «Г», 3 «Е», 3 «Қ», 3 «Н», 4 «В», 4 «Г», 4 «Д», 4 «Ә», 4 «Б», 4 «Ғ» сыныптарында 1-тоқсанда мүлдем формативті баға қойылмаған. Бұл талапқа сай келмейді. Тоқсандық баға формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылады. Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді. Кейбір пәндерден ТЖБ соңғы күнге қойылған. Атап айтсақ: 3 «А» - қазақ тілі пәні, 3 «Н» - әдебиеттік оқу, 4 «В», 4 «Г», 4 «Д», 4 «Қ» - жаратылыстану пәні, 2 «В» - әдебиеттік оқу, 2 «Д» - қазақ тілі, 2 «Е» - қазақ тілі мен математика, 2 «И» - математика пәні.</p> <p>Ағымдағы бағалардың немесе ағымдағы бағалаудың балмен 5-11 сынып білім алушыларында қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша тоқсандық, сондай-ақ белгілі бір тарау (бөлім,тоқсан,) аяқталғаннан кейін өткізілетін (БЖБ,ТЖБ) жиынтық бағалауды жүргізу қорытындылары бойынша жиынтық бағалаудың ұпайлары мен бағалары, тоқсандық бағалау қойылған. Kundelik KZ жүргізілуде, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, БЖБ, ТЖБ қойылып, бірінші тоқсан қорытылған, дене шынықтыру пәндері бойынша тоқсандық "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген белгі жазылған.</p>

Handwritten signatures and stamps at the bottom of the page.

Алайда, бөлімдік жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау туралы мәліметтер БЖБ,ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың қандай білім деңгейін көрсеттіні бойынша, БЖБ,ТЖБ жұмыстарының сараптамалары көрсетілмеген. Оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/өтпелі тақырыптарды зерделеуді растайтын материалдар, білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі және олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін айқындайтын бақылау нысандарының жүргізілгендігін растайтын БЖБ,ТЖБ жұмыстарының сараптамалары көрсетілмеген, жіберілген материалдары жоқ. Сонымен қатар ТКЖ жоспарларында бір сабақтың бөлімінде өтілетін БЖБ көрсетілмеген. Формативті бағалаудың (ФО) нәтижелерін ұсыну білім алушылар орындаған жұмыстарда және/немесе педагогтің комментарийлері арқылы электрондық журналдарда жүзеге асырылады." Осы талап қазақ тілі мен орыс тілі мұғалімдернің электронды күнделікті толтыру барсында жүйелі жүргізілмеген. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда (5-11 сыныптарда) білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен, мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар және бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың (БЖБ, ТЖБ) салыстырмалы мониторингі жүргізілмеген, жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикалар жазылмаған.

Ағылшын тілі пәнінен Kundelik.kz электронды журналының жүргізілу барысын зерделеу бойынша 5 - 11 сынып аралығында қалыптастырушы бағалау талапқа сай толық жүргізілмеген, кейбір сыныптарда тоқсанында 2-3 күнге қойылған, кейбір мұғалімдер бір ғана қалыптастырушы баға қойған, сондай-ақ түсініктеме мүлдем жазбаған, (бөлім бойынша жиынтық бағалау) жұмысы алынбаған.

Талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірнеше кемшіліктер анықталды.

5-сыныптардың барлығында дерлік **жаратылыстану** пәнінен ТЖБ жұмыстарының жалпы балл саны спецификацияға сәйкес келмейді. Бұл сыныптарда спецификация бойынша жалпы балл саны 20 болу керек, ал 1-тоқсан бойынша ТЖБ жұмыстырында жалпы балл саны 15 балл деп алынған. 7 «д» сыныбында география пәнінен Абуталип К және Айтуған А. деген екі оқушы бірінші тоқсанда алынған 3 - бжб мен 1 - тжб жұмыстарының ешқайсысын орындамаған, (бұл оқушыларға жыл басынан қалыптастырушы бағалар қойылған, жаңадан келген деуге негіз жоқ) пән мұғалімі осы екі оқушыны «ұсынған баға» шықпаса да, «мұғалім қолымен толтырады» бағанына 5,4 деген бағалармен қорытып шығарған.

Математика пәні бойынша талдау нәтижелері: талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, 5-сыныптарда кейбір күндері қалыптастырушы бағалау жүргізілмеген, бірнеше сыныпта ТЖБ (тоқсан бойынша жиынтық бағалау) жұмыстары тоқсанның соңғы күндері алынған. Сонымен қатар, 10 мен 11-сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағытында оқытылатын сыныптарда алгебра және анализ бастамалары пәнінен ТЖБ жұмыстарының жалпы балл саны спецификацияға сәйкес келмейді. Бұл сыныптарда спецификация бойынша жалпы балл саны 25 болу керек, ал 1-тоқсан бойынша ТЖБ жұмыстырында жалпы балл саны 20 балл деп алынған.

Информатика пәні бойынша талдау нәтижелері: талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, 5-11 сыныптарда қалыптастырушы бағалау күнделікті жүргізілмеген, сыныптардың көпшілігінде БЖБ (бөлім бойынша жиынтық бағалау) жұмыстары қойылмағаны анықталды.

Физика пәні бойынша талдау нәтижелері: талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу көрсеткендей, 7-11 сыныптарда қалыптастырушы бағалау күнделікті жүргізілмеген, бірнеше сыныпта ТЖБ (тоқсан бойынша жиынтық бағалау) жұмыстары тоқсанның соңғы күндері алынған. Сонымен қатар, 7-сыныптарда ТЖБ жұмыстарының жалпы балл саны спецификацияға сәйкес келмейді. 7-сыныптарда спецификация бойынша жалпы балл саны

	<p>20 балл болу керек, ал 1-тоқсан бойынша кейбір сыныптарда ТЖБ жұмыстырында жалпы балл саны 25 балл деп алынған.</p>
	<p>Қорытынды: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 1- тарауы, 2-тармағы 14-тармақшасы талаптарына сәйкес келмейді.</p> <p>«Орта техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 1-қосымшасы 3- тарауы, 2-тармағы 9) тармақшасы, 12, 13, 13-1, 13-2, 14-2, 14-6 тармақтары талаптарына сәйкес келмейді.</p>
<p>4)</p>	<p>МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;</p> <p>Бағаланатын кезеңдегі сараптауға ұсынылған құжаттар: ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған жеке жұмыстық оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, сабақ кестесі, ПМПК анықтамалары.</p> <p>Сараптау қорытындысы: сараптауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысы берілген бағалау критерийі бойынша төмендегідей нәтижелерді көрсетті.</p> <p>Психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру бұйрығы, педагогикалық – психологиялық қолдау қызметі туралы ережелер, ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған педагогикалық – психологиялық қолдау қызметінің жоспары, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен атқарылатын іс – шаралар жоспары бар. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған жеке оқу жоспарлары мен бағдарламалары жоқ. Сонымен қатар ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған сабақ кестелері және ПМПК анықтамалары жоқ. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға жүргізілген жұмыстары білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес келмейді.</p> <p>Қорытынды: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығының 53-1 тармағы талаптарына сәйкес келмейді.</p> <p>«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 2-қосымшасы 1-тарау 6-тармағы 1), 2) тармақшалары; 7, 8 тармақтары талаптарына сәйкес келмейді.</p>
<p>5)</p>	<p>4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).</p> <p>4, 9, 11-сынып оқушыларының оқудағы күтілетін нәтижелерінің жетістіктерін анықтау үшін оқыту нәтижелерін бағалау және тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беру оқу бағдарламаларын әзірлеу.</p> <p>Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: оқушылардың білім, білік және дағдыларының сапасын бағалау парақтарын талдау көшірмелері, оның ішінде мәлімдемелер;</p>

Handwritten signatures and stamps at the bottom of the page.

ұйымдарды бағалау критерийлеріне 15 және 16-қосымшаларға сәйкес толтырылған кестелер, қорытынды өзін-өзі бағалаудың баллдық парағы.
Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 15 – қосымша бойынша білім алушылар контингентінің құрылымы төмендегідей кестеге сай ұсынылды:

№	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Орта мектеп	Мектеп бойынша барлығы
1	Білім алушылар саны	1460	1647	459	3566
2	Жалпы сыныптар саны / білім алушылар саны	58/1460	65/1647	18/459	141/3566
3	-жалпы білім беретін	1460	1647	459	3566
4	-жоғары деңгейдегі (гимназиялық, лицейлік, академиялық және басқа)	-	-	-	-
5	-түзеу	-	-	-	-

Мектептің 5 жылдық контингентінің құрамы туралы мәлімет ұсынылған:

№	Оқу жылы	Контингент құрылымы	Бастауыш сынып 1-4 сынып	Негізгі мектеп 5-9 сынып	Орта мектеп 10-11 сынып	Барлығы
1	2017-2018	Білім алушылар саны	1400	1382	264	3046
2	2018-2019	Білім алушылар саны	1432	1500	296	3228
3	2019-2020	Білім алушылар саны	1492	1633	349	3474
4	2020-2021	Білім алушылар саны	1536	1642	415	3593
5	2021-2022	Білім алушылар саны	1460	1647	459	3566

Ұсынылған мәлімет бойынша 2017-2018 оқу жылмен 2020-2021 оқу жылдар аралығындағы контингентті салыстырсақ, оқушылар саны артып отырған. Ал, 2021-2020 оқу жылында жалпы оқушылар саны 27 оқушыға азайған.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына 16 – қосымша бойынша бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері сайтқа жүктелген және тестілеу қорытындысы оң нәтиже көрсетіп отыр.

Бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері (кесінділері)

Сынып	Тізім бойынша журналдағы оқушылар саны	Нақты қатысқан оқушылар саны	Бағалар саны "5"	Бағалар саны "4"	Бағалар саны "3"	Бағалар саны "2"	Орташа балл	Оң бағалар %
4 сынып (15 сынып)	364	360	132	173	54	1	23	99,7
9 сынып (13 сынып)	338	330	12	188	123	7	41	98

Handwritten signature and notes at the bottom of the page.

	11 сынып (9 сынып)	225	223	4	48	124	47	42	79															
